

**Әдістемелік кеңес отырысы**  
**Хаттама №1**

**Уақыты:** 09.09.2024  
**Жүргізілу түрі:** Дөңгелек үстел  
**Әдістемелік кеңес төрайымы:** Ж.Ибрагимова  
**Хатшы:** Ж.Алдабергенова  
**Қатысқаны:** 8  
**Қатыспағаны:** -Жок

**Күн тәртібінде:**

- |  |                            |
|--|----------------------------|
| 1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:<br>- перспективалық жоспарын талқылау; | Әдіскер<br>Ж.Алдабергенова |
| 2. МДҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары                         | Әдіскер<br>Ж.Алдабергенова |
| 5. Ағымдағы мәселелер.   | Әдіскер<br>Ж.Алдабергенова |

**Тыңдалды:** Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспарды талқылау және бекіту

**Сөйледі :** Әдіскер Ж.Алдабергенова 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде балабақшада өтпелі тақырыптар жасалынып, бекітілді. Өтпелі тақырыптар балалардың жас ерекшеліктерін, балабақшаның тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық құзыреттілік танытуға бағытталған. Педагог-мамандар перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрайды, нақты жас тобының перспективалық жоспарында педагог-маманның жоспарына сілтеме жасалады.

Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ете отырып тәрбиешілер өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар жазады.

Перспективалық жоспарға сәйкес балаларды қабылдау, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, балалардың үйге қайтуы, т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған циклограмма құрастырылады деп атап кетті.

**2. Тыңдалды:**

**МДҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары**

**Сөйледі:** әдіскер Ж.Алдабергенова биылғы оқу жылында тәрбиешілердің құжаттарында өзгешеліктер бар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2024-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) Стандарт талаптарына сәйкес:

- балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға;

- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға;
- мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
- балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;
- әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуына мониторингті ұйымдастыруға;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі деп нақты атап өтті.

. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейдің болуын болжайды:

- 1-деңгей – бала сол немесе басқа қимылдарды қайталай алады;
- 2- деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді;
- 3- деңгей – бала өзінің жасай алатынын қолданады деп нақты атап кетті.

### 3.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

**Сөйледі:** Әдіскер Ж.Алдабергенова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қыркүйек айында өтетін Тілдер мерекесіне барлық топтарда тақырыптық тәрбиелік шаралар ұйымдастырылсын және ата-аналарға мәліметтер берілсін. Қарттар күніне орай «Қарттарымыз-асыл қазынамыз» тақырыбында балабақша жанындағы қарттарды құттықтау шаралары ұйымдастырылады. Ұйымдастырылып, өткізілуіне жетекшісі А.Төлешова мен А.Сәкен және әдіскер жауапты. Денсаулық күніне орай «Әкем, анам және мен» спорттық жарыс жоспары жасалынып, бекітілсін. Қазан айында «Алтын күз» мерекесіне тәрбиешілер сценарилерін дайындап, уақытын белгілесін. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуларыңыз қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді.

### Шешім:

1. Перспективалық жоспар, 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптардың сақталуын қадағалау.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Ж.Ибрагимова

Ж.Алдабергенова

## ЖШС «Bal-Ayim2» бөбекжай-бақшасы

### №2 Әдістемелік кенес хаттамасы

Қазан айы 2024 жыл

Қатысқандар саны: 8

Қатыспағандар саны: 0

#### Күн тәртібінде:

1. Тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру, балаларды дамыту әдістемелері, дидактикалық материалдарды қолдану бойынша жеке консультациялар беру (Әдіскер) Ж. Алдабергенова
  2. Ашық есік күндерін ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсынымдар беру әдіскер Ж. Алдабергенова
- Ағымдағы мәселелер.

**1-Мәселе:** Әр топтың тәрбиешілеріне балаларды дамыту әдістемелерін қолдану және тиімді дидактикалық материалдарды пайдалану бойынша жеке консультациялар беру.

**Талқылау:** Әдіскер Ж. Алдабергенова Тәрбиешілердің оқу процесін ұйымдастыруда қандай қиындықтармен кездесіп жатқанын талдап, әр тәрбиешіге жеке ұсыныстар берді. Әсіресе, оқу іс-әрекеттерінде дидактикалық материалдардың дұрыс қолданылуы, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әдістемелердің тиімділігі талқыланды. Тәрбиешілер әдістемелерді қалай қолдану керектігіне байланысты нақты сұрақтар қойды, және дидактикалық материалдардың түрлерін таңдау бойынша көмек сұрады. Әдіскер әр тәрбиешіге жеке жоспар құруға ұсыныстар берді. Әдіскер әр тәрбиешіге оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дидактикалық материалдарды пайдалану жолдарын түсіндірді. Әсіресе, оқу іс-әрекеттерінде шығармашылық қабілеттерді дамытатын, логикалық ойлауды арттыратын әдістемелерді енгізудің маңыздылығы атап өтілді.

**2. Мәселе:** Ашық есік күндерін тиімді ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдарды қарастыру.

**Басшы:** Ж. Ибрагимова Ашық есік күндерін өткізу барысында ата-аналарға балалардың білім алу процесін, тәрбиешілердің әдістерін көрсету, сондай-ақ ата-аналармен тікелей байланыс орнату маңызды екенін атап өтті. Ашық есік күндерін өткізгенде, әр топтың ерекше іс-шаралары, балалардың жетістіктері мен шығармашылық қабілеттерін көрсетуге баса назар аудару керек екендігі ескертілді.

**Сөйледі:** тәрбиеші: Айтбай Ақниет «Біттұтас тәрбие бағдарламасы барысында» өзімізге керек көп материалдар алдық. «Біттұтас тәрбие бағдарламасы барысында» ұлттық ойындары арқылы баланың танымдық ойлауын жан-жақты қамытуға болатынына көзіміз жетті.

**Шешім №2** педагогикалық кеңеске «Таным» білім беру саласы бойынша ашық оқу қызметі қойылды. Балалардың жас ерекшелігін ескеріп ұйымдастырылсын. Тәуелсіздік мерекесіне тематикалық оқу қызметі ұйымдастыру.

Төрайым: Ж.Ибрагимова ЖШС/Т

Хатшы: Ж.Алдабергенова



# **ЖШС «Bal-Ayim2» бөбекжай- балабақшасы**

## **Әдістемелік кеңес №3 Хаттамасы**

Күні: .01.2025 жыл

**Қатысқандар:8**

**Қатыспағандар:Жок**

**Күн тәртібінде:**

1. Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдар
- 3.. Ағымдағы мәселелер

**Бірінші мәселе бойынша Тыңдалды: Балабақша әдіскері:**

**Ж.Алдабергенова** Жаңа 2025 жыл Жылан жылымен құтықтай отырып Жарты жылдықта жоспар бойынша жұмыстар орындалғанын айта келе Мерекелік іс-шараларды балалардың жас ерекшеліктеріне сай әзірлеу қажеттігі айтылды. Ұлттық және халықаралық мерекелерді қамти отырып, балаларды тәрбиелік және танымдық тұрғыдан дамытуға арналған сценарийлер талқыланды. Балалар мен ата-аналардың мерекелерге қатысуын белсенді ету жолдары ұсынылды. Балалардың эмоционалдық қатысуын арттыру үшін мерекелерді ойын түрінде ұйымдастыру қажеттілігі талқыланды. Ұлттық мәдениетті насихаттайтын шаралардың мәні айтылды.

**Екінші мәселе бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша әдіскер Алдабергенова Жазира ұсынылды.**

**Талқылау:**Әр топтағы оқу процесінің тиімділігін бағалау үшін жүйелі түрде мониторинг жүргізудің маңыздылығы атап өтілді.Балалардың білім деңгейін, дағдыларын, тәртіптік көрсеткіштерін тексерудің әдістемелері талқыланды.Мониторинг нәтижелерін ата-аналармен бөлісу жолдары ұсынылды.Әр айдың соңында оқу процесінің сапасын бағалау туралы ақпарат ұсынылды.Мониторингтің негізгі бағыттары: сөйлеуді дамыту, математикалық түсініктер, экологиялық тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттерді атап көрсетті. Мониторинг нәтижелері негізінде түзету жұмыстары жүргізу алдағы уақытта қолға алудың жолдары талқыланды.

**Үшінші мәселе Ағымдағы мәселелер:**

Ашық есік күндерінде ата-аналармен кері байланыс орнату және оларды балалардың оқу-тәрбие процесіне тарту жолдары туралы ұсыныстар енгізді. Әр топ ашық есік күндерінде өздерінің ерекше іс-шараларын, балалардың шығармашылығы мен танымдық қабілеттерін көрсететін бағдарламалар ұсыну керектігі айтылды. Тәрбиешілер ашық есік күндерінің ұйымдастыру тәртібі, ата-аналарды тарту және өткізу кестесі бойынша өз пікірлерін білдірді.

**Қаулы:**

-Әр топ тәрбиешісі жеке консультациялардан кейін әдіскердің берген кеңестері бойынша жұмыс жоспарларын толықтырып, дидактикалық материалдарды дұрыс қолдануға назар аудару.

-Ашық есік күндерінің күнтізбелік жоспары әзірленсін. Әр топта өз іс-шараларын жоспарлансын.

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**



Ж.Ибрагимова

**Хатшы:**

Ж.Алдабергенова